

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бағалы қағаздар нарығы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 275-ө  
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бағалы қағаздар нарығы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (келісім бойынша) Тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу және белгіленген тәртіппен бекіту жөнінде қажетті шаралар қабылдасын әрі Қазақстан Республикасының Үкіметіне қабылданған шаралар туралы ақпарат берсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2005 жылғы 29 қыркүйектегі

N 275-ө өкімімен бекітілген

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бағалы қағаздар нарығы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі**

P/c N	Нормативтік құқықтық кесімнің атауы	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушы	Аяқталу нысаны
1	2	3	4	5
1.	"Акционерлік қоғамның Үлгі жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 142 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	2005 жылғы қазан	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (келісім бойынша)	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

2.	"Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу және облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есепті қарау ережесін бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 385 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	2005 жылғы қыркүйек	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (келісім бойынша)	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі басқармасының қаулысы
3.	Ұйымның - Қазақстан Республикасы резидентінің эмиссиялық бағалы қағаздарын шет мемлекет аумағында шығаруға немесе орналастыруға рұқсат беру ережесін бекіту туралы	2005 жылғы қыркүйек	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (келісім бойынша)	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі басқармасының қаулысы
4.	Эмитенттердің - Қазақстан Республикасы резиденттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары базалық активі болып табылатын депозитарийлік қолхаттарды немесе өзге бағалы қағаздарды шығару, оларды орналастыру қорытындылары туралы есепті ұсыну туралы хабарлама ережесін бекіту туралы	2005 жылғы қыркүйек	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (келісім бойынша)	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі басқармасының қаулысы
5.	Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің статистикалық есеп беруді ұсыну нысандары және мерзімі туралы	2005 жылғы қыркүйек	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (келісім бойынша)	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының қаулысы